



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 67 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

*Қазақстандық «Алма отаны» және «Халықаралық ғарыш станциясы»
монеталары Мәскеуде өткен
Сегізінші «Монета жұлдыздары-2014» ескерткіш монеталардың
халықаралық конкурсында жеңімпаз атанды*

2014 жылғы 23 қыркүйек

Алматы

ҚР Ұлттық Банкінің «Алма отаны» және «Халықаралық ғарыш станциясы» монеталары 18 қыркүйекте Мәскеу қаласында өткен Сегізінші «Монета жұлдыздары-2014» (COINS – 2014) ескерткіш монеталардың халықаралық конкурсында жеңімпаз атанды.

Мәселен, «Алма отаны» монетасы «Кәдесыйлық монета» номинациясында бірінші орын алып, 2014 жылдың ең үздік кәдесыйлық монетасы болып танылды, ал «Халықаралық ғарыш станциясы» монетасы «Бірегей технология» номинациясында жүлделі үшінші орынды иеленді.

Қазылар алқасының таңдау жасауы қиын болды, себебі конкурсқа 31 елдің 2013 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығында шығарылған шамамен 260 ескерткіш монетасы және 25 монеталар сериясы қатысты.

Айта кетерлік жайт, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Алма отаны» коллекциялық күміс монетасы үшін бұл – осындай беделді конкурстарда алған екінші үлкен жеңіс.



2014 жылғы 11 - 17 мамыр аралығында Мехико қаласында (Мексика) 28-ші Монета сарайлары директорларының конференциясы шеңберінде өткен ескерткіш монеталардың халықаралық конкурсында монета «2014 жылдың ең әдемі күміс монетасы» номинациясында бас жүлде алған

болатын. «Алма отаны» монетасы айналысқа 2013 жылғы 13 қарашада шығарылғандығын еске саламыз. Ол «Республика игілігі» сериясындағы бесінші монета болып табылады.

Өз кезегінде «Халықаралық ғарыш станциясы» монетасы айналысқа 2013 жылғы 18 қазанда көпмақсатты ғарышты зерттеу кешені ретінде пайдаланылатын ұшқыш басқаратын орбиталық станция – Халықаралық ғарыш станциясының (ХҒС) құрметіне шығарылған болатын. ХҒС – бірлескен халықаралық жоба, оған 15 ел (әліпби ретімен): АҚШ, Бельгия, Бразилия, Германия, Дания, Жапония, Испания, Италия, Канада, Нидерланд, Норвегия, Ресей, Франция, Швейцария, Швеция қатысады.



Биколорлы (құрамдас) монетаның пішіні шеңбер пішіндес, біріне бірі орналасқан сақинадан және дискіден тұрады. Монетаның ішкі дискі танталдан, сыртқы сақинасы күмістен жасалған. Монеталарды дайындау кезінде алғаш рет танталдың түсін өзгерту технологиясы қолданылды.



Толығырақ ақпаратты мына телефондар: +7 (727) 2704 639; +7 (727) 2704 585; +7 (727) 3302 497, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz. бойынша алуға болады.